

Ақсу өңірі



Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№8 (10 211)

23 ақпан

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru



I.ЖАНСҮГРОВ:

Өз елі, өз ерлерін ескермесе,
Ел мегі алсын қайдан

кемеңгерді.



Матай, Егінсу ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесу



Аудан әкімі Берік Тынышбаев Матай, Егінсу ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесті.

Кездесуге аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Ғабит Ахметхожаұлы, құқық қорғау саласы қызметкерлері, мекеме, бөлім басшылары қатысты.

Ауданда өткен жылы да бірқатар жұмыстар атқарылды. Биылғы жылға да жоспарланған ауқымды жұмыстар бар. Матай ауылы бойынша көптен бері көтеріліп жүрген бірқатар жұмыстар осы жылы жүзеге асады.

Ауыл тұрғындары тарапынан көкейлерінде жүрген өзекті мәселелер жайлы сөз қозғалды.

Көтерілген әр мәселе жайын халықпен талқылаған аудан әкімі, тиісті мамандарға тапсырмалар жүктеді. Кездесуден соң ауыл тұрғындарын жеке қабылдау жүргізді.

М.ШЫНДӨУЛЕТ.



АЛДАҒЫ ІСІНЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

11 ақпан күні өткен сайлау қорытындысы бойынша бүгін Арасан ауылдық округінің әкімі тағайындалды.

Сайлауда 61,7% дауыспен Арасан ауылдық округінің әкімі болып Кабиров Рамиль Зарифұлы сайланды.

Жаңа округ басшысын аудан әкімі Берік Тынышбайұлы Тынышбаев жергілікті тұрғындарға және әкімдіктің ұжымына таныстырып, бірқатар міндеттер жүктеп, алдағы ісіне сәттілік тіледі.

Кабиров Рамиль Зарифович, 1988 жылы 18 сәуірде туылған. «Жунар» шаруа қожалығының басшысы.

Өз тілшімізден.

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА

ҮЕҰ ДЕРЕКҚОРЫНА ЕСЕП


Құрметті әріптестер!

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді ҮЕҰ Дерекқорына ұсынудың кезекті мерзімі басталды.

ҮЕҰ Дерекқорына мәліметтер беру мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламалар мен әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ, ҮЕҰ үшін сыйлық алуға арналған конкурстарға қатысу үшін міндетті шарт болып табылады.

Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді келесі тәсілдердің бірімен ұсына алады:

1) ҮЕҰ Дерекқорының <https://infonpo.gov.kz/> интернет-



порталы арқылы (заңды тұлғаның ЭЦҚ кілті болу керек);

2) уәкілетті органға қағаз және электрондық тасығыштарда (Word форматында CD-

дисктерде немесе USB флэш-жинақтаушыларда) пошта арқылы немесе қолма-қол ұсынады (ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті).

ҮЕҰ Дерекқорына мәліметтерді ұсынбау, уақтылы ұсынбау және толық емес немесе көрінеу, жалған мәліметтерді ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген.

Ұсынудың соңғы мерзімі – 2024 жылдың 31 наурызына дейін. Барлық сұрақтар бойынша келесі телефондарға хабарласыңыз: 8 771 77 2 2746, 8-728 - 32-2-14-12 немесе aksu-ovp@mail.ru электрондық поштаға.

"САЯСИ СММ: ДЕПУТАТТЫҢ ҚЫЗМЕТІН ІЛГЕРІЛЕТУ" СЕМИНАР – ТРЕНИНГІ ӨТТІ



Жетісу облысында арнайы семинар-тренинг екі күн қатарынан өтіп, онда депутаттар контент жоспар құру, аудитория жинау, негативпен жұмыс істеу және жеке бренд қалыптастыру бойынша дәріс тыңдады. «Барлық деңгейлі мәслихат депутаттары үшін бұл аса маңызды және қажеттілігі мол семинар деп есептеймін. Дәріс барысында сайлаушылармен байланыс орнатумен қатар, әлеуметтік желі арқылы партиялық жобаларды ілгерілетудің жолдары түсіндірілді, - деді мәслихаттағы «AMANAT» фракциясының жетекшісі Арыстанғали Арын. Оқыту жұмысын «AMANAT» партиясының Саяси менеджмент академиясы ұйымдастырды.

Тренер ретінде «TuraNews» порталының бас редакторы Алмас Тоқабаев, «Kozildirik Media Group» PR-агенттігінің басшысы Ерлан Мүсіпов, «Basnews.kz» порталының бас редакторы Рамазан Дәулетбаев сынды масс-медиа саласындағы танымал сарапшылар дәріс өткізді.

Осыған ұқсас семинар - тренингтер биыл қаңтар-сәуір айлары аралығында еліміздің барлық өңірінде ұйымдастырылады. Шара соңында барлық деңгейлі мәслихат депутатына арнайы сертификат табысталды.

Жәніел ЕСІЛҚЫЗЫ,
«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының консультанты.

БАСПАСӨЗ - 2024

АКСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АКСУ ӨНІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

Медиацияның міндеті қандай?



Халқымыздың бірлігі мен тұтастығын сақтау саясатын және сот жүйесінде медиация институтын дамыту, дауларды сотқа дейінгі және соттан тыс реттеу институтының қолдану аясын кеңейту мақсатында қолданыстағы бітімгершілік рәсімдерді дамыту – дауларды реттеу және азаматтардың бұзылған құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдірудің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Сот ақпараттарына кеңінен қолжетімділікті, даулардың сотқа дейінгі және соттан тысқары реттеу институтын дамыту жөніндегі бірлескен жобаларды жүзеге асыруды, медиативтік қызметті алға бастыруды, халық арасында медиаторлардың беделін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында Халықаралық құқық қорғау орталығы, Жетісу облысы өкімімен, өңірдің Кәсіподақ орталығымен, облыстың бизнес - құрылымдары өкілдерімен, «Атамекен» ӨКП меморандумдар жасалған. Меморандум негізінде өзара ынтымақтастық, кәсіпкерлік субъектілер мен қоғамды әлеуметтік сауықтыру арасында іскерлік, серіктестік қатынасты сақтау болып табылатын құқықтық дауларды (жанжалдарды) шешудің баламалы тәсілі ретінде татуластыру рәсімін жаппай тарату және белсенді қолдану мәселелері арқау болады.

Халқымыз үшін медиация институты жат емес. Бұрынғы заманда туындаған кез - келген дау-дамайлар билер мен ақсақалдар арқылы шешілген. Барлық аталып жатқан іс-шаралардың түбегейлі мақсаты – асылында халықтың қамы үшін, азаматтарымыздың заңды мүдделері толыққанды, жан-жақты қорғалып және жұртшылығымыздың сотқа деген сенімін асқақтату болып саналады. Осы жобалар және бағдарламалар қоғам мен мемлекеттік органдар арасында өзара тиімді байланыс орнатуға, ел-жұртқа құқықтық қызмет көрсету жолындағы олқылық пен кемшіліктерді жоюға бағытталған.

Ж.ЗАРЫҚПАЕВА,
аудандық сотының судьясы.



ЖОЮҒА ЖАТАТЫН БАСПА-БЛАНКІ ӨНІМДЕРІНІҢ КЕЛЕСІ ЖАРАМСЫЗ ТҮРЛЕРІ ЖОЮҒА ІРІКТЕЛІП АЛЫНДЫ:

P/c №	Қорғауға жататын баспа-бланкі өнімдері түрінің атауы	Қорғауға жататын баспа-бланкі өнімі данасының сериясы мен нөмірі	Қорғауға жататын баспа-бланкі өнімдері данасының саны	Ескертпе
1	2	3	4	5
1	Аудан әкімдігі Бланкі	000801,000690, 000689,000669,000666,000661,000065,000066,000667,000653,000624,000148\000619,000691\000619,000651,000668,000652,000662,000067,000649,000474,000095,000688,000068,000072,000130,000131.	225	
2	Аудан әкімдігі Шешім бланкі	000013,000022\000083	64	
3	Ақсу ауданы Әкімі бланкі	000258,000257,001085,001440,000067,000105,000139,000004,000313\000339,000233\000312.	297	+
4	Аудан әкімдігі Қаулысы бланкі	000546,000545,000541,000543,000416,000316,000797,000756,000147,000212,000146,000145,000050,000144,000214,000396,000751,000546,001686,000632,000607,000608,000633,000585,000609,000419,000010,000815,000764,000813,000762,001889,000131,000133,000642,000566,000552,000713.	38	
5	Аудан әкімінің орынбасары бланкі	000175,000594,000191,000497,000495,000598,000600,000599,000553,001034,001035,000496,000526,000501,000272,000150,000157,000113,000844,000816,000343,000056,000889,001316,001145,001482\001499.	43	
6	«Ақсу ауданы әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі бланкі	000314,000288,000313,000218,000308,000105,000286,000317\000500.	189	
7	Аудан әкімі аппарат бсшысы бланкі	000480,000478,000479,000477,000449,000279,000365,000364,001964,000362,000225,000198,000231,000228,000229,000230,000224,000199,000223,000222,000221,000220,000227,000226,000274,000178,000179,000194,000376,000373,000372,000374,000383,000382,000321,000369,000353,000356,000357,000012,000013,000999,001000,000997,000998,001000,000999,000460\000500.	88	
8	Аудан әкімдігі Бұйрық бланкі	000082\000099	18	
9	Ақсу ауданы әкімінің аппараты	001576\001650	67	

Жоюға жататын бүлінген баспа-бланкі өнімдерінің жиынтық саны 1029 (мың жиырма тоғыз) 1 данада жасалды: 1-дана: №02-17 істе

Комиссия төрағасы
Комиссия мүшелері

_____ Б.Ермуханбетов
_____ Е.Әділбаев
_____ Т.Калиев
_____ А.Рахманов
_____ Т.Измайлова

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ №5 САЙЛАУ ОКРУГІНІҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№12 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ.

Орталығы: Қарақоз ауылы, Жамбыл көшесі №19, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Қарақоз ауылы.

№13 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ.

Орталығы: Кеңғарын ауылы, Шірікарал көшесі №35, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кеңғарын орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Кеңғарын ауылы.

№14 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ.

Орталығы: Жаңалық ауылы, Шатырбай Бәтенов көшесі №1, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жаңатілеу орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Жаңалық ауылы.

№17 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ.

Орталығы: Ойтоған ауылы, Жәнәбіл көшесі №12, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ілияс Жансүгіров атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Ойтоған ауылы.

№18 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ.

Орталығы: Үлгілі ауылы, Талдыөзек көшесі нөмерсіз, жекеменшік үй Шекарасы: Үлгілі ауылы.

2024 ЖЫЛҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКАЛАРЫНА ЖЫЛ САЙЫНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУ ӨТКІЗУ

Ақсу ауданы бойынша тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналарымен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау төмендегі кесте бойынша жүргізіледі.

Заңды тұлғалар машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізуге мынадай құжаттарды ұсынады:

Заңды тұлға (не оның оның сенімхат бойынша өкілі)

- 1) Өтініш (көрсетілген нысан бойынша)
- 2) Теңгерімде тұрған машиналардың тізімі (маркасы, моделі, заводтық нөмірі, мемлекеттік нөмір белгісін көрсетіп)
- 3) Машинаға тіркеу құжаты (техпаспорт)

Жеке тұлғалар мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Жеке тұлға (не оның оның сенімхат бойынша өкілі)
- 2) Машинаға тіркеу құжаты (техпаспорт)

Округтер атауы	Жауапты қызметкердің аты-жөні	Қызмет телефон нөмірі	Өткізілетін мерзімі, уаыты
Есеболатов	Нурахметов Б.Т.	2-93-59	27.02.2024 сағ .09.00-11.00
Қарасу	Баймади О.	2-93-30	27.02.2024 сағ. 14.30-16.00
Б.Сырттанов	Сулейменов А.	50-1-94	29.02.2024 сағ .09.00-11.00
Қарашілік	Кәкімбаев Н.	5-01-01	29.02.2024 сағ.14.30-16.00
Қарақөз	Көпельбаев Д.	2-93-83	05.03.2024 сағ .09.00-11.00
Жаңалық	Мусанов Б.	2-71-86	05.03.2024 сағ. 14.30-16.00
Ақсу	Раимкулов И.А.	24-1-07	12.03.2024. сағ 09.00-11.00
Ойтоған	Берикова В.Б	27-0-50	12.03.2024 сағ. 14.30-16.00
Қапал	Жарас Ұ.	3-12-50	14.03.2024 сағ. 09.00-11.00
Көшкентал	Алдабергенов О.	5-10-60	14.03.2024 сағ. 14.30-16.00
Арасан	Ниязов Р.	30-1-24	26.03.2024 сағ. 09.00-11.00
Суықсай	Конунов К.	5-20-40	26.03.2024 сағ. 14.30-16.00
Мошалы	Даутбеков С.	2-81-22	28.03.2024 сағ. 09.00-11.00
Қызылағаш	Досмаков Н.С.	28-3-08	28.03.2024 сағ .14.30-16.00
Матай	Мусагулов Р.	2-34-87	02.04.2024 сағ. 09.00-11.00
Егінсу	Крыкбаев Д.	2-81-77	02.04.2024 сағ. 15.00-17.00
Жансүгіров	Мусабаланов И.	2-25-50	04.04.2024 сағ 09.00-11.00

Жоғарыда аталған округтердің әкімдеріне ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу ескертіледі.

Қ.ТІЛЕУБАЕВ,

«Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» ММ-нің мемлекеттік қызмет көрсету кезінде техникалық жұмыстарын жүргізу маманы.

ГРАНИЦЫ УЧАСТКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ОКРУГА №5 АКСУСКОГО РАЙОНА

ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК №12.

Центр: село Каракоз, улица Жамбыла № 19, Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Бижараса Садырбая с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».

ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК №13.

Центр: село Кенғарын, улица Ширикларал № 35, Коммунальное государственное учреждение «Кенғаринская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».

ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК №14.

Центр: село Жаңалық, улица Шатырбай Батенова № 1, Коммунальное государственное учреждение «Жанатлеуская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».

ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК №17.

Центр: село Ойтоған, улица Жанабила № 12, Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Ильяса Жансугурова с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».

ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК №18.

Центр: село Улғили, улица Талдыөзек без номера, частный дом. В границах: село Улғили.

КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА - 35 ЖЫЛ!

АУҒАН ЖЕРІ, АУҒАН ТАУЫ БҮІК ШЫҢ, ОСЫ ЖЕРДЕ ЖАС ӨМІРДІ ҚҰЫНСЫҢ

Ауғанның асуында от кешкендер



Әскерлері Ауған жерінен шығарылды. Бұл соғысқа 22 мың қазақстандық қатысты, олардың 761-і қаза тапты, 21 жауынгер хабарсыз кетті. Содан бері 35 жыл өтіпті.

Жылма - жыл ақпан айының ортасында біз ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алып, олардың рухтарының алдында бас иеміз. Өйткені, бұл соғыста 18-19 жасар өрімдей жас жігіттер, ардақты ағалар, аяулы әкелер жазықсыздан - жазықсыз құрбан болды.

Қызылағаш ауылдық модельді кітапхана кітапханашыларының ұйымдастыруымен, кітапханамыздың тұрақты оқырмандарымен, 15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл толуына орай "Ауғанның асуында от кешкендер" атты ерлік сағаты, Қызылағаш ауылының тұрғыны, Ауған соғысының ардагер жауынгері Тыналинов Серік Қимашұлымен «Ауғанның қанды даласы...» тақырыбында кездесу өтті.

Тыналинов Серік Қимашұлы, 1959 жылы 20 сәуір күні Ақсу ауданы Қарашілік ауылында дүниеге келді. 1966 жылы 1 сыныпқа барып, 1976 жылы мектепті бітірген. 1978 жылы қараша айында әскер қатарына шақырылды.

1979 жылы әскері борышын Ауғанстан Республикасында жалғастырып, 1980 жылы әскери борышын Ауғанстан Республикасында аяқтап елге аман есен оралған. 1981 жылы отбасын құрған. Отбасында 3 ұл, 1 қыз бар. Қазіргі уақытта ұл, қызынан 13 немере сүйіп отырған бақытты ата.

Сацита ХАСАНОВА,
Қызылағаш ауылдық
модельді кітапхана
кітапханашысы.



Тарих көші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болды. Соның бірі-әлемді дүр сілкіндірген Ауған соғысы. Ауғанстан жеріне қатерлі күн туғанда елін, жерін қорғау үшін көптеген ер азаматтар соғысқа аттанды. 1979 жылы басталған соғыс 10 жылға созылды. 1989 жылдың 15 ақпанында Кеңес

Ерліктің өшпес рухы



Биыл Кеңес одағы Қарулы Күштерінің Ауған жерінен толықтай шыққанына 35 жыл толып отыр.

1978 жылы Ауғанстанда сәуір айында төңкеріс болып, оның арты қасіретті соғысқа айналды. Бұл қасіретті соғыс ұзаққа созылды. Кеңес әскерлерінің Ауғанстанға кіріп - 10 жылға /1979 - 1989 жж./ жуық соғыс жүргізді.

Қазақстаннан Ауған соғысына 22000 адам қатысып, 21 адам хабар-ошарсыз кетті, көбі ауыр жараланды. 1000-ға жуығы сұрапыл шайқаста ерлікпен қаза тапқан.

Бүгінгі таңда Қазақ елінде 10000-ға жуық ауған ардагерлері бар. Олардың 3000-дайы мүгедектер қатарында. 1989 жылдың 15 ақпанында Әскери қолбасшы, генерал — лейтенант Б.Громов "Кеңес әскері Ауғанстан жерінен толықтай шығарылды" деп мәлімдеді. 1989 жылы 15 ақпанда кеңес әскері Ауғанстаннан кері қайтарылды. Ақсу аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен ақпан айының 13-і күні Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай «Жанымның жарасы - Ауғанстан» тақырыбында кездесу кеші өткізілді. Кешке Ауған соғысының ардагерлері Құсайынов Серік, Мусекенов Ерлан ағаларымыз қатысты.

Шара басында Ақсу аудандық кітапхана директоры Дүйсекова Элмира Жұмағазықызы алғы сөз сөйлеп, ізгі тілектерін арнады. Соғыс кезінде қаза тапқан жауынгерлерді бір минуттық үнсіздікпен еске алып, кеш ары қарай жалғасын тапты. Сондай-ақ, Ауған соғысы ардагерлерінің ерлігіне арналған бейне баян ұсынылып, оқырмандар өлең жолдарын арнаса, орталық кітапхана библиографы Т. Тұрсынқызы Ауған соғысына арналған «Ерліктің өшпес рухы» атты кітап көрмесін оқырмандарға таныстырды. Кеш соңында ардагерлерімізге сый-сияпат табысталды. Шара "М.Байсақұлы" атындағы аудандық мәдениет үйінің қызметкері Т.Нұрланұының «Отаным» әнімен аяқталды.

Ауған қаһармандарын қадірлеп, құрметтеп, рух жасампаздығымен жаңғыртайық, ерліктері жастарға үлгі етейік.

Данияр ЖУАНЫШЕВ,
аудандық орталық кітапханасының бөлім меңгерушісі.

Ардагерлермен сыр - сұхбат



Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясының 2 «Б» сынып жетекші Н.Данабатырованың ұйымдастыруымен 13 ақпан күні Ауған жерінен кеңес әскерлерінің шығарылғанына 35 жыл толуына байланысты ауған соғысының ардагерлерімен «Ауғанның асуында от кешкендер» атты тәрбие сағаты өтті.

Тәрбие сағатының мақсаты - өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету. Ауған соғысында болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру.

Оқушылар әр түрлі өлең - жырларымен, қара сөздерін айтып, ардагерлермен сыр - сұхбат жүргізді. Оқушылар көптеген сұрақтар қойып, жауаптар алды.

Сонымен бірге шараның соңы оқушылар дайындаған «Ажалдан құтқарған бір ауыз сөз» тақырыбында көрініс қойып, патриоттық әндермен жалғасты. Оқушылар ардагер аталарына сыйлықтар әзірлеп, естелікке суретке түсті.

Сондай - ақ, кешке оқушылардың әкелері мен аталары қатысып, өз тілектерін білдірді.

Е.СЫМХАНОВ.



Кіл мықтыда кіл мықты?

Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай Ауған соғысы ардагерлерін шақырып, бірге ойынға қатыстыра отырып аудандық бұқаралық спорттық іс - шараларды өткізу орталығының ұйымдастыруымен Жансүгіров ауылдық округінің мекеме қызметкерлері арасында футболдан және Әскери спорттық ойындардан жарыс өтті.

Нәтижесінде футболдан Ақсу қант зауытының №2 командасы I орын алса, №1 командасы III орынды қанжығаларына байлады. Жүлделі II орынды Бададар мен жасөспірімдер спорт мектебінің командасы жеңіп алды.

Әскери спорттық жарыста жүлделі I орынға Ж.Сыдықов атындағы орта мектебінің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Жарқын Көптілеуов жетсе, II орынды Сержан Құмашбаев, III орынды Серік Ақжол иеленді. Жеңіске жеткен спортшылар Мақтау қағаздарымен, кубоктармен марапатталды.

Асхат САУҒАНБАЕВ,
аудандық бұқаралық спорттық іс - шараларды өткізу орталығының жетекшісі.

БИЫЛ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ 135 ЖЫЛДЫҒЫ

Туған әдебиетіміз бен мәдениетіміздің бай мерейіне туған санаулы да, ауылы перзенттеріміздің бірі - Жүсіпбек Аймауытов.

Жүсіпбек Аймауытов 1888 жылы бұрынғы Семей облысы, Кереку уезі, Қызылтау болысында (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданына қарасты Қызылтау өңірінде) кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Жүсіпбектің балалық шағы туған ауылында өтеді. Ол өз ауылында тіл сындырып, ескіше оқып хат таниды. Жүсіпбек 1907 жылы Баянауылдағы орыс мектебіне түсіп, бір жылдай оқиды, бірақ әрі қарай оқуына қаражат тапшылығы кедергі болып, оқуын тоқтата тұрады. Тек 1911 жылы Кереку қаласында жаңадан ашылған 2 кластық орыс-қазақ училищесіне оқуға түсіп, 1914 жылы ойдағыдай аяқтап, сол жылы, яғни, 1914-1915 жылғы оқу жылында Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясының даярлық класына оқуға түседі. Жүсіпбек семинарияда өте жақсы оқып, ұстаздарының ықылас назарында болады. Ол оқудан босаған жазғы демалыстарында қырға шығып жалданып бала оқытып, келер оқу жылына қаражат жинап қайтып отырған. Осылайша қаражат тапшылығын көре жүріп, Жүсіпбек аталған семинарияны 1918-1919 оқу жылында толық курсын (5 класс) бітіріп, бастауыш училищелерге оқытушы деген куәлік алып, бітіріп шығады. Ж. Аймауытовтың туған жылы архив деректерінде әр түрлі көрсетілген. Біз негізгі документтерге сүйендік.

Жүсіпбек семинарияда оқып жүрген кезінде-ақ қоғамдық, жазушылық қызметтермен айналыса бастаған. Семей қаласында болып тұрған ойын-сауық, әдебиет кештеріне үзбей белсене қатысып, бірде домбыра тартып ән салса, бірде клубтарда қойылып тұратын спектакльдердегі рольдерде ойнаған, тіпті өз жанынан шағын пьесалар жазып, сауық кештерін де қойған екен. Сол кездегі баспасыз деректеріне жүгінер болсақ, Семей қаласында 1917 жылы 17 декабрь күні оқушы жастардың әдебиет кеші болып, онда Жүсіпбектің «Ескі тәртіппен бала оқыту» атты бір перделі комедиясы мен «Рабиға» атты бір перделі драмасы қойылған. Осы екі пьеса қойылымында атақты өнші Әміре Қашаубаев, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов рольдерде ойнап, жұртшылық қошаметіне бөленіпті.

Семинарист Жүсіпбек сондай-ақ Қазақстан мен Орта Азия қалаларында қазақ тілінде шығып тұрған газет-журнал жұмыстарына араласып, өзінің алғашқы тырнақалды әңгіме, өлеңдерін, ойлы мақалаларын жазып жариялап тұрды. 1917 жылғы февраль буржуазиялық революциясын Ж.Аймауытов та өзінің мыңдаған отандастары қатарлы шын мәніндегі бостандық төңкерісі деп қабылдады. Патшаның тақтан құлауына қуана отырып: «Тұр, бұқара! Жиыл, кедей! Ұмтыл, жастар!» деген мақала жариялады. («Сарыарқа» газеті, 1917 жыл, 19 июнь).

Ол бұл мақаласында қазақ жастарына: «...Жасыратын қылық жоқ, бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі қара бұқараға, кедейге келген теңдік, қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық» деп түсінік беріп, алдағы күндерде бостандық, теңдіктен пайдалану, бұл салада қандай жұмыстар істелуі керектігін кеңінен баяндайды. Жоғарыда аталған февраль буржуазиялық революциясының шын мәнін жете түсінбеген жас жазушы 1917-1919 жылдар «Алаш» партиясының құрамында болды.

Жүсіпбек Аймауытов 1918 жылы Семей қаласында шыға бастаған «Абай» журналының әдеби жұмысына араласып, кейде оның жауапты шығарушысы бола жүріп, журнал бетінде біраз туындыларын жариялап, жазушылық талантын шындай түсті. Жүсіпбектің «Абай» 1918, №1; «Абайдан соңғы ақындар» (Абай, 1918, №5), Мұхтар Әуезовпен бірігіп жазған мақалалары, «Бетім-ау!» «Құдағи ғой» атты әңгімесі (Абай, 1918, №4), «Көшу» атты өлеңі («Абай», 1918, №12) т.б. шығармалары жарияланды. Жазушының бұл алғашқы жиындылары сол дәуірдің өзекті мәселелері турасында ой тербеген, жауап іздегірнен автордың арман-мақсаттарын, туған халқына адал қызмет істеуге деген құлшынысын анық аңғартады.

Әдеби творчестволық қызмет пен педагогтік қызметті қатар атқарып жүрген Ж. Аймауытовқа қазақ даласындағы Ұлы Октябрь революциясының тарихи жеңісі зор өзгеріс әкелді, шын бостандық пен теңдіктің не екенін ұқтырды «Алаш» партиясы заңды түрде таратылғаннан кейін ол бүтіндей совет жағына шығып,



ҚАЙТА ОРАЛҒАН ҚАЛАМҒЕР

ынталы түрде қоғамдық-саяси, әдеби-творчестволықжәнежемістіпедагогикалық қызметін бастады. Ол 1919-1920 жылдарда Семей қаласында ашылған мұғалімдер курсына оқытушы болып істеді. Осында 1920 жылы январьда РКП(б) қатарына өтті. 1922 жылы РКП(б) қатарынан шығып қалды. 1920 жылы Қазақстан Советтерінің құрылтай съезіне делегат болып қатысып, Халық ағарту комиссариатының коллегиясына мүше, Халық ағарту комиссиясының орынбасары және Республика Баспа істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің редколлегия мүшесі болып сайланады. Бұл қызметте аз уақыт істеген Жүсіпбек 1921 жылы Семей губерниялық Халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы болып тағайындалады. Іскер, жұмысқа қабілетті Ж. Аймауытов бұл қызметте де зор абыройға ие болады.

«Қазақ тілі» газетінің шығуына бес жыл толуын той ретінде атап өткен газет алқасы «Қазақ тілінің еңбеккерлері» атты көлемді мақаласында Ж. Аймауытовтың газетке сіңірген ерен еңбегін жоғары бағалап: «...Жүсіпбекті киіз түндікті қазақ елінің көбі білетін шығар. Жүсіпбек өзінің өткір қаламымен қазақ тұрмысының нелер түрлі-түрлі суреттерін түсірген, шебер драмасы (үш-төрт жазушыларымыздың алдыңғыларынан.) Мәннан ағай осы «Қазақ тілі» құрастырып, қаз тұрғызса, содан кем еңбегін сіңірмеген. «Қазақ тілі» жетектеп жүргізіп, ел қатарына қосқан азаматтарымыздың бірі - Жүсіпбек...» деп жазады («Қазақ тілі» газеті, 1924 ж. 5 декабрь). Ол 1922 жылы Семейдегі губерналық Халық ағарту институтына оқытушы болып тағайындалады. Осы кезде, яғни 1922 жылы Торғай уезі қазақтары алапат ашаршылыққа душар болып жатқанды. Елі үшін еңіреп туған Жүсіпбек қол қусырып, газет хабарларын оқып отыра алмайды. Семей қаласында сол кезде қызметте болған біраз қазақ зиялылары - Міржақып Дулатов, Әбікей Сатпаев, Жүсіпбек Аймауытов аштарға жәрдем қолын созып, халықтан азық-түлікке мал жинауды ұйымдастырады. Олар КИРЦИКтің рұқсатымен Семей губерниясынан аштарға жәрдем үшін екі ай бойы мал жинайды. Жиналған малды Торғай уезінің ашыққан қазақтарына жеткізу Жүсіпбекке тапсырылып, жиналған 2668 сиыр, 1831 жылқы, 264 түйені шағын бақташы топпен Торғай еліне айдап кетеді. Жол бойы көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып, түпкілікті мақсатына жетіп, біраз халықты аштықтың шеңгелінен құтқарғандай болады. Жүсіпбектің, осы елеулі іске ат салысқан азаматтар еңбегі кезінде баспасөз арқылы кеңінен жарияланып, халық алғысын алған еді. Бірақ бұл қуаныш ұзаққа бармады. Кейбір сасықтар мен пасықтар: «Жүсіпбек жиналған малды өзі пайдаланып кетті, дұрыс үлестірмеді» деп заң орындарына домалақ арызды қарша боратты: ақыры РСФСР Жоғарғы сотының Қазақ бөлімі оның үстінен қылмысты іс қозғады. 1924 жылдың 22 май күні басталған сот ісі. 1925 жылы 3

октябрь күні Жүсіпбектен соңғы рет жауап алады. Сот ісі тек 1926 жылдың жазында зорға бітті. Ақ ниет, адал еңбегінің осынша әуре-сарсаңға душар еткеніне қатты күйінген Жүсіпбек соңғы сөзін былайша: «...Мен өз бетіммен ешкімге мал үлестіргем жоқ. Өйткені, Торғай елінің байкедейін білмеймін, кемесіесіне кірсем де, аштарға жәрдем көрсетсем де, жаным ашығандықтан, аяғандықтан жақсы ниетпен істедім. Пайда, мақтан есімде болған жоқ. Садық деген молданың үйінде болып, бізге бір тоқты сойғанда, отыз-қырық аштар келіп, өтініштерін айтып, жығылып кетіп, талып кетіп, есеңгіреп отырғанда алдымдағы ет тамағымнан өтпеді. Аштарды шақырып алып, бөріне үлестірттім, тағы сондай ауыр есер берген аштар болды. Сондай аш елді көргенде, бұрынғы істегендерім анық болған соң, тоқ елдің жегені арам екен деген ойлар келді.

Заң тарапынан қарағанда, мүмкін менің қаталарым бар шығар. Азаматтық, адамшылық жүзінен қаралса, бір кісі аштарға жан салып, қызмет көрсетсе, мендей-ақ көрсетер деп шүкіршілік етемін. Мүмкін менің өткен еңбегім себепті ондаған жүздеген аштар ажалдан қалған болар, қалмады деп Торғай елі айта алмас.

Еңбегім - салауат, ниетім - арам; жүрегім - қара, қазаққа зиянды адам болып табылсам, бұ да бір уақыт шығар, жазаға мойнымды ұсынамын, аштар үшін мен-ақ құрбан болайын. Елімінің заңына көнемін,» - деп толғады.

Ж. Аймауытов жоғарыдағы Торғай сапарынан оралғаннан кейін, Қарқаралы қаласындағы бірінші басқышты мектептің меңгерушісі болып тағайындалып ұстаздық етіп, 1923 жылға дейін қызмет істеді. Ал 1923-1924 жылдары Орынбор қаласындағы Қазақ оқу-ағарту институтында оқытушы болып істесе, 1924-1925 жылдар көлемінде Ташкенттегі Қазақ оқу-ағарту институтында оқытушы және «Ақжол» газетінде қызметкер болып істейді. 1925-1926 жылдары Орынборға қайта қоныс аударып, ондағы әскери мектепте ұстаздық етті. 1926 жылдың соңына қарай Шымкент қаласындағы педтехникумның директоры болып қызмет атқарған. Архивтік деректерде әзірге бұл қызметтен қашан босатылғандығы туралы мәлімет жоқ. Бұл педтехникум Ж. Аймауытовтың соңғы жұмыс орны екені анық. Ол 1929 жылы жалған жаламен репрессияға ұшырап, 1931 жылы мерт болды.

Жүсіпбектің семьясы туралы архив деректерінің бірінде үй ішінің бес жаннан тұратындығы ғана көрсетілген. Жазушының семьясы мен ұрпақтарының тағдырын анықтап білу, іздестіру - келер күндердің ісі.

Әдеби творчестволық қызметін әр түрлі қоғамдық, педагогикалық қызметпен тамаша үйлестіре білген Ж. Аймауытов он шақты жылдың творчестволық өмірінде қаладан-қалаға көшіп-қонып, әр түрлі жауапты әрі күрделі қызметтер атқара жүріп,

ат жалы, атан қомында - қуғын-сүргінді бастан кешіре жүріп, әдебиеттің әр жанрында қалам тартып, өндірте жазып, ғылым саласында да зерделі зерттеулер жасаған қаламы қарымды, ойы ұшқыр жазушы болды.

Қазақ совет әдебиетінің қалыптасып, қаз тұруына сүбелі үлес қосқан талантты жазушы қазақ әдебиетіндегі бұрыннан бар тамаша эпикалық дәстүрді шын мәніндегі реалистік дәстүрмен әдемі сабақтастыра отырып, ірі-ірі шығармаларымен туған әдебиетімізді жоғары сатыға көтерді. Солардың ішінде 1926 жылы Қызылорда қаласында кітап болып басылып шыққан «Қартқожа» романы - ерекше көңіл аударатын шығарма. «Қартқожа» романы - ХХ ғасыр басындағы саяси өзгерістер мен халықтың тұрмыс-тіршілігін кеңінен суреттеген нағыз реалистік көркем туынды.

Жазушының екінші бір көлемді шығармасы - «Ақбілек» романы, кезінде 1927-1928 жылдары - «Әйел теңдігі» журналының бірнеше санында жарық көрген. Романның автор қолымен жазылған түпнұсқасы қазірде Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архивінде сақтаулы тұр.

«Ақбілек» романы Алтай тауын жайлаған қалың елдің өмірінен алынып жазылған. Романда Ақбілек атты қазақ қызының қиын да, қызықты тағдырын суреттеу арқылы қазақ даласындағы ақгвардияшылардың айуандық әрекеттері әшкереленіп, Алтай өңіріне Совет өкіметінің орнауы, ел тұрмысы суреттелген.

Жазушының бұлардан басқа да прозалық шығармалары бар. Олар «Күнекейдің жазығы», «Томарбай мен қатыны», «Жаңабайдың жанындағы трагедия», «Елес», «Боранды болжағыш әулие», «Қара бақсы» т.б. әңгімелері. Жазушы әңгімелері - ел тұрмысын, заман тынысын дәл танып, шынайы суреттеп, көркем бейнелей алған құнды дүниелер. Олар кезінде мерзімді баспасөз бетінде жиі жарияланып тұрған.

Жазушы творчествосының бір саласы - драматургиялық шығармалары болып табылады. Сонау ертеректе семинария қабырғасынан бастау алған бұл өнерден ол өмір бойы қол үзген жоқ. Оның драматургиялық шығармалары кезінде театр, клуб сахналарында жиі қойылып тұрған, тіпті кейбіреуі кезінде бәйге де алған. 1926 жылы қазақтың ұлт театрының репертуарын жандандыру мақсатымен Білім ордасының жариялаған бәйгесіне түскен 32 пьесаның ішінен Ж. Аймауытовтың «Шернияз» атты пьесасы - Мұхтар Әуезовтың әйгілі «Қарагөз» пьесасынан кейінгі жүлделі екінші орынға ие болыпты. Сол тұста сегіз қырлы өнерпаз Жүсіпбекті ұлт театрына жұмысқа шақырып, баспасөз бетінде хабар жариялаған екен: «Ұлт театрының жұмысын жандандыру қамы үшін Орынбордағы - Қазақстан Орталық кеңес комитеті атындағы әскерлік мектептің оқытушысы - Аймауытов Жүсіпбек шақырылып отыр».

Жүсіпбек - бұрын театр кітаптарын, басқа кітаптарды жазып жүрген азын-аулақ әдебиет қайраткерлерінің бірі («Еңбекші қазақ», 1926 ж. 20 ғинуар, №15) Қазақ өнерінің дамуына жан-тәнімен аянбай еңбек еткен драматургтың қазірде белгілі пьесаларының саны оннан астам: «Ескі тәртіппен бала оқыту», «Рабиға», «Жәбір болыс», «Мансапқорлар», «Ел қорғаны», «Шернияз», «Қанафия - Шарбану» және аударма пьесалары - «Тас мейман», «Сараң сері», «Октябрь» т.б. Бұлардың кейбіреуі әр жылдары кітап болып басылып та шыққан. Жүсіпбек Аймауытов театр өнеріне драмалық шығармалар ұсынып қоюмен шектелмей, үздік пьесаларды сахнаға қоюшы тамаша ре-жиссер да болыпты. Бұл жөнінде қазақ мәдениетін көп білетін марқұм Әшірбек Бектасов ақсақал өзінің белгілі қоғам қайраткері Ілияс Омаровқа қазақ мәдениеті мен әдебиеті турасында 1964 жылы жазған ұзақ хаттында Жүсіпбек Аймауытовқа арнайы тоқталып: «...Аймауытов Жүсіпбектің 1926 жылы Семейдің қатты аязы күндері көп қиыншылықпен театрдың сахнасында Мұхтардың «Қарагөзін» көрсеткені... Марқұм Аймауытов қойған Мұхтардың «Қарагөзін» дәл сондай етіп, ешкім де қоймас. Алматыда қойылған «Қарагөз» Жүсіпбектің «Қарагөзінің» ширегінен де келмейді. Осы екі «Қарагөздің» екеуін де бірдей көрген көзі тірі азғантай адамның бірі менмін. Ойын біткен соң, Шымкенттен әдейі «Қарагөзді» қоюға келген Жүсіпбекті ол замандағы Луначарский атындағы қазақ театр клубының төріне шығарып қойып, шапалақтаған алақандарының даусы менің осы күнге дейін құлағымда сияқты болады

ЖЫЛ ҮЗДІГІ - 2023



боламын 2» Республикалық кітап бөйгесіне қатысқаны үшін марапатталды.
Нұр - Сұлтан қаласында 2021 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай «Елбасы Академиясы» корпоративті қорының «Bige Oqu» онлайн мектебінің «Елін сүйген – Елбасы» атты интеллектуалдық ойында жеңімпаз атанғаны үшін сертификатпен және дипломмен марапатталды.

2023 жылы «Халықаралық экология, инженерия және педагогика ғылымдар академиясы» Қоғамдық қоры. 1 дәрежелі диплом әдебиет пәні бойынша 9 Халықаралық (Зкезең) олимпиадасының жеңімпазы болып, Қазақстан мақтанышы атанды.

«Халықаралық экология, инженерия және педагогика ғылымдар академиясы» Қоғамдық қоры. Диплом 1 дәрежелі Қазақстандағы балалар жылына арналған «Ғылым әлемі балалардың көзімен» тақырыбы бойынша 1 – 11 сынып оқушылары мен колледж, ЖОО студенттері арасындағы Республикалық ғылыми жоба байқауының жеңімпазы.
Республикалық «Қазақ даласының даналары» атты шығармашылық байқауына «XX ғасырдың басындағы Қазақстан» атты жұмысымен қатысып ерекшеленгені үшін 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Jetisu Jastyru» KMM - нің «AQSÝ Jastyru» филиалының жетекшісінің атынан Алғыс хат

Республикалық «Жарқын Болашақ» өнер орталығының ұйымдастыруымен 7 Республикалық «Жарық жұлдыз» атты балалар өнер байқауында көркем сөз жанры бойынша өнер көрсеткені үшін 1 орын алып, дипломмен марапатталды.

VI Республикалық ерекше балалар форумында «Қазақстан Республикасының мақтаныштары – 2023» байқауында медальмен марапатталды.

ҚР Оқу - ағарту министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы 514 жылғы бұйрығына сәйкес оқушылар мен студенттер арасында ұйымдастырылған «Лияс оқулары» Республикалық конкурсына қатысып жеңімпаз атанғаны үшін 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Осы жетістіктері бағаланып, жыл соңында Ақсу ауданы әкімінің «Жыл Үздігі - 2023» жастар сылығының «Үздік Оқушы» номинациясы бойынша марапатталды. Сонымен қатар "Көшбасшы - 2022" және "Көшбасшы - 2023" премиясының иегері.

Тағы да Аружан «Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің тапсырысы аясында ұйымдастырылған аудандық «Ана тілің - арың бұл» атты бейнеролик байқауында жүлделі II орынды иеленгені үшін марапатталған.

Оқушылардың қоғамдағы белсенділігі мен мәдени әлеуетін арттыру, көшбасшылық қабілеттерін дамыту, шығармашылығын шыңдау баршамыздың міндетіміз болса, еліміздің ертеңі – жастарымыз алған білімдері мен тәрбиесі арқасында осындай жетістіктерге жетіп, болашаққа нық, батыл қадам басып, биіктен көрініп жатса, ол біздің ауданымыз үшін үлкен қуаныш екендігі шындық.

Осы мақаламыз арқылы былғыл жылдың үздігі болуға басқа да оқушыларымыздың қызығушылығын арттырдық деп ойлаймыз. Үздіктеріміз көбейе берсін.

Ербол СЫМХАНОВ.

ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес» үздік бейнеролигін жариялағаны үшін 1 дәрежелі дипломмен тағы да марапатталды.

Көркем сөз ғана емес математикаға да мықтылығын көрсетіп осы жылы «Дарын» Республикалық ғылыми - практикалық орталығы ұйымдастыруымен «КЕНГУ-РУ - МАТЕМАТИКА БАРЛЫҒЫ ҮШІН» халықаралық зияткерлік конкурсынан 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Сондай ақ Аружан - «Халықаралық Экология, инженерия және педагогика ғылымдар академиясы» қоғамдық қорымен ұйымдастырылған Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған 1 Халықаралық «Абай оқулары» мәнерлеп оқу байқауынан III дәрежелі дипломмен марапатталды.

ҚР Білім және Ғылым министрлігі «Дарын» Республикалық Ғылыми - практикалық орталығының «Ақ бота» Интеллектуалдық марафонының III дәрежелі жүлдегері.

Осы жыл Аружанның бағы жанған жыл болды. Алматыда Қазақ жыраулар поэзиясының белгілі өкілі Қазтуған Сүйіншіұлының 600 жылдық мерейтойына орай MANGILIK EL JASTARY қоғамдық қоры ұйымдастырған республикалық «Балалар аманаты» атты жыр оқу байқауына қатысып, 1 кезеңнің қорытындысы бойынша III орынды иеленді.

Алматы облысының білім басқармасы, дене тәрбиесі, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми - тәжірибелік орталығынан «Бақытты балалар» атты облыстық қашықтықтан өткен байқауына белсене қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

Еліміздің астанасында Qalamqer.kz әдеби - танымдық порталының ұйымдастыруымен өткен, Қазақтың көрнекті ақыны Фариза Оңғарсынованың шығармашылығын насихаттауға арналған Республикалық «Фариза оқулары» конкурсына қатысып, үздік нәтиже көрсеткені үшін мадақтамамен марапатталды.

Орыс тілінен де шеберлігін байқатқан Аружан Интеллектуальный центр «ДАРЫН ЛЭНД» орталығының ұйымдастыруымен «Русский медвежонок - языковедение для всех» атты байқауда I орын иеленді.

Нұрсұлтан қаласында тағы да Kabitel.kz интеллектуалды білім порталының орталығының ұйымдастыруымен 2022 жылдың қаңтар айында өткен

Дана халқымыздың «Ел мерейі – ер мерейі» деген сөзі бар. Өзінің туып - өскен жері үшін, елі үшін еңбек еткен әр адамның еңбегі еленуі тиіс. Халық тарапынан бағасын алуы керек. Бұл біздің елдігімізді көрсететін дүние. Президент Жолдауларында да үнемі еңбектің мәртебесін көтеруге баса назар аударып отырады. Еңбек адамның беделін асқақтатуға, адал еңбектің нәтижесін көруіне аса зор мән береді.

Жыл үздігін анықтау жыл сайынғы дәстүр. Бұл дәстүр өткен жылы да құзылған жоқ. Қайта үздіктердің қарасы қалыңдаған. Жыл бойы талмай еңбек етіп, өз саласында толағай табысқа қол жеткізгендер жыл соңында құрметке бөленді.

«Жыл үздігі – 2023» туралы шара өте салысымен мақтана мақала жариялағанбыз.

Сол үздіктерді енді жеке – жеке ашып жазып, басқа да үміткерлерге үлгі етеміз деп жоспарлаған едік. Сол үздіктердің ішіндегі үздігі деп айтуға болатын номинациялардың біреуі «Жылдың үздік оқушысы». Себебі, басқа салалардағы үміткерлер санынан оқушылардың саны едәуір көп екені белгілі. Ауданымызла қаншама мектеп бар. Оларда қаншама оқушы бар. Олардың әрқайсысы да жыл үздігі болуға лайық. Солардың ішінде топты жарып шығып арнайы комиссияның қорытындысымен жылдың үздік оқушысы атанған Арасан ауылындағы Б.Сырттанов атындағы орта мектебінің оқушысы Маратқызы Аружан болды. Мұғалімі - Раушан Ақсубаева. Ендеше, басқа оқушыларға үлгі болсын деп Аружанның жеткен жетістіктеріне тоқталайық.

Аружан 2019 жылы Республикалық ғылым мен білімді қолдау «Тіл, өнер және білім» орталығы ұйымдастырған Республикалық «Әдебиет әуесқойлары» атты байқауда I Дәрежелі дипломмен марапатталған.

2020 жылы Алматы қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология және әлем тілдері факультеті Қазақ тілі білімі кафедрасының ұйымдастырған Көнернекті ақын және қоғам қайраткері, Қазақстанның Халық Жазушысы, Мемлекеттік сый иегері Фариза Оңғарсынованың туғанына 80 жыл толуына орай «Фариза - тұңғыш жырдың тұмары» атты арнау бөлімі бойынша I Дәрежелі дипломмен марапатталды.

Осы жылы тағы да «Жарқын болашақ» Республикалық ғылым - әдістемелік журналының ұйымдастыруымен



«Ұлы даланың - Ұлы Абайы» атты байқауда «Көркем сөз» жанры бойынша өнер көрсетіп, 1 орынды иеленсе, «Жарқын болашақ» Республикалық ғылыми - әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Жарқын жұлдыз» атты балалар өнер байқауының финалдық жарысына қашықтықтан қатысып, көркем сөз жанры бойынша 1 орын алды.

7 - мамыр Отан қорғаушы күні (Менің Отаным) және 9 мамыр «Ешкім де

Республикалық «Мәнерлеп оқу» байқауына қатысып жүлделі I орын иеленді.

Аудандық «Зерде» зерттеуші жұмыстары мен шығармашылық жобалар байқауына өлкетану секциясы бойынша III орын иеленді.

Айтпақшы 2021 жылы Қазақстан Республикасы ауыл мектептерінің 5 және 6 - сынып оқушыларына арналған «Мың бала» Ұлттық олимпиадасының жеңімпазы атанды.

Шұғыла қоғамдық қоры атынан «Тұлға

да тұрады...» деп толғайды. Өшірбек асқақал өз хатында ғазиз інісі Ілияс Омаровтан Жүсіпбекті ақтау керектігін, оған қол ұшын беруді өтініп: «...Ол кісіні М.Горький 1924-1925 жылдары қазақ әдебиетінің биік шыңы да депті...» деп үміт арта, жігер бере жазыпты...»

Жүсіпбек Аймауытовтың қаламгершілік қуатын молынан танытқан жемісті еңбектерінің бірі - аударма өнері. Заман талабы, оқырман сұранысына орай, туған әдебиетке үлгі-өрнек іздей жүріп, Жүсіпбек арғысы дүниежүзілік, бергісі орыс әдебиетінен тамаша аудармалар жасады. Ол аударған Мопассан әңгімелері, Рабиндрант Тагордың «Дәмелі» («Тамилла») романы, Кондрат Беркович, Джек Лондон, А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, М.Горький т.б. әйгілі жазушылардың шығармалары қазақ әдебиеті тарихындағы аударма өнерінің жарқын белестері болып саналары ақиқат.

Алғашқы творчестволық қадамын өлеңнен бастаған Жүсіпбек соңына біраз поэзиялық туындылар қалдырды. Оның поэзиялық мұрасы төл туындылары мен аудармалардан тұрады. Жүсіпбек өлеңдері әр жылдарда газет-журналдар, түрлі жыр жинақтарында басылғаны болмаса, жиналып, жеке кітап болып шыққан емес. Ертеректе жарық көрген «Көшу», «Ұршық», «Жәмила», «Ах-ха-ха-хау», «Тұңғыш», «Түпсіз астында» т.б. өлеңдері елеп, ескеруге тұратын құнды туындылар. Жүсіпбектің пролетариат көсемі В.И.Лениннің қазасына шығарған жоқтау өлеңі - қазақ ленинианасында өзіндік орнын алатын қайталанбас өрнегі бар жыр. Ол дүниежүзі пролетариатының гимні «Интернационалды» бірінші болып ана тілімізге аударды.

Жазушының публицистикалық шығармалары өзінің сан - сала тақырыпты қамтумен, өткірлігімен, ғылымилығымен, молдығымен ерекшеленеді. Жүсіпбек Аймауытов сан-сала жазушылық, педагогтік жұмыстарымен де шұғылданды. Оның советтік шығыс халықтары арасынан алғаш психология ғылымы саласында көлемді кітаптар жазып, бастырып шығаруы тек жазушы-ғалым мақтанышы ғана емес, бүкіл халқымыз мақтанарлық зор құбылыс, үлкен ғылыми олжа болып саналса керек.

Ғалымның 1926 жылы Қызылорда қаласынан басылып шыққан «Психология» кітабы мен Москвада сол жылы Күншығыс елдерінің баспахана-сынан жарық көрген «Жан жүйесі мен өнер таңдау» атты ғылыми кітабы талай ұрпақтың ғылыми сауатын ашып, теориялық һәм практикалық зор міндет атқарды. Ана тіліміздегі психология пәнінің терминдерін қалыптастыруда көшбасшылық, жетекшілік ролі, педагогика саласында да Жүсіпбек ерен білгірлік танытып, өз тәжірибесін ұтымды пайдаланып, «Тәрбиеге жетекші» (1924, Орынбор) оқулық кітабын, ғылыми мәнді мақалаларын жазды. Оның «Әдет заңы» («Сана» 1924, №2-3), «Ана тілін қалай оқыту керек» («Жаңа мектеп» жур. 1925, №2) т.б. мақалалары - күні бүгінге дейін ғылыми дәрежесі жоғары туындылар.

Өз дәуірінің зәру мәселелерінің бірі болып есептелген балалар әдебиетін жасауға да көп күш-жігер жұмсады. Архив деректеріне сүйенсек, 1927 жылы 5 март күні Қазақстан мемлекеттік баспасының кезекті мәжілісінде Ж. Аймауытовтың балаларға арнап жазған төрт бірдей суретті кітапшасы талқыланып, басылуға жолдама алынды. Олар: «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз», «Жаман тымақ» ертегілері. Кітапшаларға берген жазбаша пікірінде Байтасұлы Абдолла: «Ертегі бір-біріне мазмұн жағынан байланысты болып, оқушылардың жасына, дүние тануына, сана-саңлауына сәйкес жазылған... Ертегілердің тілі әдемі. Сөздің бәрі үлкендікі емес, бірыңғай баланың сөзі» - деп өте жоғары бағалапты.

Жазушының қазақ әдебиеті тарихында атқарған елеулі еңбегінің бірі - әйгілі ақынымыз Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларын жинастырып, кейінгі ұрпаққа мәңгілік мұра етіп табыстауы.

Талантының толысып, кемел шағына жеткен тұста, бойындағы барлық мүмкіндігін толық беріп үлгермей шұрт болған ауылы қаламгер туралы ақиқат сөз айту, оның асыл мұраларын бүгінгі ұрпаққа таныстырып, табыстау - білетіндердің қай-қайсысының да парызы.

Б. БАЙҒАБЫЛОВ,
Қайта оралған қаламгер: Талантты жазушы Ж.Аймауытов туралы / Байғабалов Б. // Зауал / құраст. Б.Қойшыбаев. Алматы, 1991.- 191-198 бет.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЙТАЛУАУ КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 Бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғанан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде, 2024 жылдың 27 наурыздан 16 сәуірге дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінім дерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 16 сәуір 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салыну конверттер 2024 жылдың 17 сәуір 10 сағат 00 минутта мына мекен-жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің уәклетес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жадықтың, ауылшаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Рес публикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертаратпандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертке ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және "2024 жылғы сәуір 17" дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

Table with 6 columns: №, Орналасқан жері, Алаңы, га., Алқап құрамы, Су көздерімен қамтасыз етілуі, Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы. Rows 1-60.

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Ақсуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Ақсуского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 27 марта по 16 апреля 2024 года. по адресу: (Жетісуская область, Ақсуский район, село Жансүгіров, улица Желтоқсан, 5.) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Ақсуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 16 апреля 2024 года, в 18 часов 30 минут.

Открытие конвертов с конкурсной документацией будет проведена 17 апреля 2024 года в 10 часов 00 минут (Жетісуская область, Ақсуский район, село Жансүгіров, улица Желтоқсан, 5.) в кабинете заместителя Акима района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об акфилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителем победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: "17" апреля 2024 года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районное управление земельных отношений).

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АҚСУКОГО РАЙОНА.

Table with 6 columns: №, Местоположение, Площадь, га., Состав угодий, Водообеспеченность, Сельскохозяйственная специализация региона. Rows 1-60.



"ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ" КЕАҚ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ
ФИЛИАЛЫ

МӘМС жүйесінде қалай сақтандырылуға болады?

1 Сақтандыру мәртебесін анықтаңыз

- Төмендегі «мәртебені анықтау» қалқымалы терезе
- Жеке кабинетте және «Денсаулық сақтау» бөлімі арқылы
- Негізгі мәзірде «Сақтандыру мәртебесін анықтау»

Егер сіз сақтандырылған болсаңыз, онда МӘМС пакетіне кіретін медициналық көмектерді алуға құқығыңыз бар (тегін медициналық көмектің көлемі берілген көлемінен асатын):

- Профилактикалық медициналық тексерулер
- Консультативтік-диагностикалық көмек
- Созылмалы аурулар кезіндегі динамикалық байқау
- Халықтың белгілі бір санаттарына стоматологиялық көмек
- Медициналық реабилитация
- Жоғары мамандандырылған медициналық көмек (үй стационары, күндізгі стационар, тәулік бойы жәрмәс істейтін аурухана)
- Тәулік бойы амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

2 Егер сіз сақтандырылмаған болсаңыз, төлеушінің санатына байланысты МӘМС бойынша ай сайынғы төлемнің мөлшерін анықтау керек:

Жалданушы қызметкер	Жалақы қорынан жұмыс берушінің аударымынан 2% + есептелген жалақыдан 1% жарна
Жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының иелері; жеке практикамен айналысатын адамдар	1,4 ең төменгі жалақының 5% (2020 жылғы 2 975 теңге)
Келісімшарт бойынша жұмыс жасайтын тұлғалар	Табыстың 1%
Өзін-өзі жұмыспен қамтитындар (БЖТ төлеушілер)*	1 АЕК (2 651 теңге) – қалаларда 0,5 АЕК (1 326 теңге) – ауылдарда
Тәуелсіз төлеушілер**	Ең төменгі жалақының 5% (2 125 теңге)

*Өзінің жұмысын қамтитындар – жалақымен жұмысшылардан қызмат мекенінен және тіршілігінен (БЖТ төлеушілер) жоқ.
**Дербес табысшылар – табысты табысы жоқ және жұмыссыз ретінде тіркелген және табысы жоқ.

3 Сақтандыру үшін МӘМС жарналарын төлеу әдісін таңдаңыз

- Екіінші деңгейлі банкістер және олардың мобильді қосымшалары
- Медициналық мекемелердегі жедел төлем терминалдары
- Казп.кз. мобильді қосымшасы
- KASSA 24, OLVI терминалдары
- «Халық Банкінің» терминалдары
- «Қазпост» АҚ филиалдары

Қосымша ақпаратты қайдан алуға болады?

- МӘМС сайты www.fms.kz
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- Telegram бот: Saqtandyru-bot
- МӘМС байланыс орталығы 1406



МӘМС арқылы қандай медициналық көмекті тегін алуға болады?

МӘМС жүйесінде сақтандырылған адамдар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру ұсынатын медициналық көмектің кеңейтілген спектріне ие болады.

МӘМС келесі медициналық қызметтерді қамтиды:

- профилактикалық медициналық тексерулер;
- учаскелік дәрігердің нұсқауы бойынша арнайы маманданған дәрігердің қабылдауы және кеңес беруі;
- созылмалы дертке шалдыққан жандардың бейінді мамандардың бақылауында болуы;
- үкілетті орган бекіткен тізбе бойынша халықтың жекелеген санаттарына шұғыл және жоспарлы нысанда стоматологиялық көмек көрсетуі;
- халықтың белгілі бір категориясына шұғыл және жоспарлы түрде стоматологиялық көмек көрсетуі;
- диагностикалық қызметтер, оның ішінде лабораториялық диагностика (УЗИ, рентген, КТ, МРТ);
- мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялы, стационарлық медициналық көмек;
- медициналық оңалту;
- стационарда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету.

«Сақтандырылған» мәртебеңіз бола тұра, емханада медициналық көмекке жүгіну кезінде қиындықтар туындаса бірден пациенттерді қолдау қызметіне (әрбір емханада бар) немесе Қордың ресми байланыс арналары арқылы өтініш қалдыра аласыз: колл-орталық 1414, Qoldau 24/7 мобильдік қосымшасы, Қор филиалы + 7 7282 55 90 06, 55 90 07, 55 90 13.

"ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ" КЕАҚ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ.

МӘМС келесі медициналық қызметтерді қамтиды:

- профилактикалық медициналық тексерулер;
- учаскелік дәрігердің нұсқауы бойынша арнайы маманданған дәрігердің қабылдауы және кеңес беруі;
- созылмалы дертке шалдыққан жандардың бейінді мамандардың бақылауында болуы;
- үкілетті орган бекіткен тізбе бойынша халықтың жекелеген санаттарына шұғыл және жоспарлы нысанда стоматологиялық көмек көрсетуі;
- халықтың белгілі бір категориясына шұғыл және жоспарлы түрде стоматологиялық көмек көрсетуі;
- диагностикалық қызметтер, оның ішінде лабораториялық диагностика (УЗИ, рентген, КТ, МРТ);
- мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялы, стационарлық медициналық көмек;
- медициналық оңалту;
- стационарда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету.

«Сақтандырылған» мәртебеңіз бола тұра, емханада медициналық көмекке жүгіну кезінде қиындықтар туындаса, бірден пациенттерді қолдау қызметіне (әрбір емханада бар) немесе қордың ресми байланыс арналары арқылы өтініш қалдыра аласыз.

колл-орталық: 1414
Qoldau 24/7 мобильдік қосымшасы
қор филиалы: 8 (7282) 55-90-06
55-90-07, 55-90-13

● МАМАН КЕҢЕСІ

Дерматомикоз тері жұқпасы

Құрметті аудан тұрғындары! Сіздерге жылда жергілікті Ақсу өңірі газетіне және инстаграм жүйесі арқылы Дерматомикоз, Қышыма тері жұқпаларына ақпараттар беріліп, жарияланып, алдын алу іс шаралары жүргізіліп отырылады.

Осындай іс-шаралар атқарылып жатқанына қарамастан, ауданымызда тері жұқпасы жыл сайын ересектер мен мектеп оқушылары, спорт мектебіне қатысушылардан, балабақша балаларының арасынан анықталып тіркелуде.

Сонымен біз тері жұқпасы (ауруы) туралы не білеміз?

Дерматомикоз дегеніміз - дерматомикоз қоздырғыштарына теріні және оның туындыларын зақымдайтын микоздар жатады.

Олардың қоздырғыштары кератині бар тканьдерді зақымдай отыра тіршілік етеді.

Дерматомикозбен барлық ауылшаруашылық малдары (әсіресе төлдер), терісі бағалы аңдар, жыртқыштар және адамдар ауырады.

Бұл аурудың қоздырғыштары Deuteromycetes класына жататын жетілмеген саңырауқұлақтар. Дерматомикоздардың клиникалық белгілері бір-біріне ұқсас болғанымен, олардың қоздырғыштары әр түрлі туысқа жатады: Trichophyton (трихофития) және Microsporum (микроспория). Біздің ауданымызда жиі жыл сайын тіркеліп отыратын түрі микроспория (Microsporum).

Микроспория ауруы үй жануарлары, көбінесе иесіз мысықтар мен иттерден және ауырған адамдардан бір-біріне қарым қатынас арқылы жұғады.

Баста шашы қалың жерлері мен тегіс теріде кездеседі. Шашы қалың өскен бөлігінде жұққан жағдайда бір, одан кейін бірнеше

жерде пайда болады да, көлемі бірте-бірте үлкейіп сопақша немесе домалақ қызғылт дақ болады. Терінің жарақаттанған бөлігінде кебек тәрізді қабыршықтар қаптап тұрады. Микроспория қоздырғышы сыртқы ортада тұрақты. Шашта, терінің қышитын жерінде, жүнде, құмда, жертөбелердегі шаңда бірнеше жыл бойына таралу қабілеттілігін сақтайды.

Жұқпа тікелей ауру жануарлармен байланыста болғанда немесе залалсыздандырылмаған жүнде, тарақ, бас киім, кір киімдер арқылы жұғады.

Сонымен қатар қажетті гигиеналық ережелер сақталынбаса шаштарызда жұқпаны мүмкін. Ішкі жанұялық жұқпа таралуы жиі кездеседі.

Микроспорияның таралуы ауырған жанұяда жиі кездеседі. Микроспория жұқпасын алдын алатын болсақ, ең бастысы жеке бас тазалығын сақтау керек екенін ұмытпауымыз керек.

Әдемі және сау тері - денсаулықтың көрсеткіші.

Қышыма (Чесотка)

Қышыма — жұқпалы тері ауруы. Ол адамның денесіне қотыр жұқтыратын кененің түсуінен пайда болады. Жұқтыру көзі болып табылатын — адам. Кене басқа сау адамға қарым қатынас арқылы жұғады, яғни қоғамдық моншалардан, душ қабылдайтын орындардан, жатақханалардан және жолаушылап жүрген кезеңдерде.

Осы ретте аурудың өзіне тән белгілерін білу аса маңызды. Қолдың саусақтарының арасында, кеуде мен іштің, санның, аяқтың терісінде бөртпелер пайда бола бастайды. Қышыманың ерекшелігі — ауырған адамның денесі, әсіресе түнде қатты қышиды оған микробтар түсіп, қышымаға терінің іріңді жұқпасы қосылып, ауру әрі қарай асқынып кетеді. Қышымаға қарсы арнаулы емді тері ауруының дәрігері ғана жүргізеді. Ауырған адам өзін-өзі емдеуге болмайды.

Қышыманы жұқтырмау үшін қарапайым гигиеналық ережелерді сақтау керек: жеті сайын моншаға түсіп, жуыну, іш киімдерді және төсек жаймаларын жиі-жиі ауыстырып, оларды жуылғаннан кейін үтіктеп отырған дұрыс. Әр адамның жеке орамалы, жөкесі, аяқ киімі басқа да тұтыну заттары жеке болғаны дұрыс.

Қышыма ауруын жұқтырып күдіктенген жағдайда уақыт өткізбей тездетіп тері ауруларын емдейтін дәрігерге көрінген дұрыс. Дәрігерге ерте қаралу - айналасындағы адамдарға қышыманың таралмауын және одан тез сауығуын қамтамасыз етеді.

А.СЕҢКІБАЕВА, аудандық СЭББ маманы.

Тілім менің – мінім менің



менің - тінім менің» атты ақпарат сағаты өтті. Шараға Ғали Орманов мектебінің оқушылары қатысты. Кітапханашы Садуақасова Гүлшат Қайратбекқызы «Тілім менің – ғасырлардан аманат» атты баяндама оқып, «Мемлекеттік тіл мемлекет тірегі» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады. Кеш соңын кітапханашы бір ауыз сөзбен түйіндеді «Сөз түзеледі, тыңдаушы, сен де түзел», - деп тілді ұлттық өнеріміздің, ұлттық мәдениетіміздің бір бөлігі деп сақтай білейік. Сол тіл тазалығы үшін бір ауызды болып баршамыз күресейік.

Бауыржан Момышұлы атамыз: «Тілін білмеген – түбін білмейді», -деген. Шынында, тілін білмеген адам өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін өз тілінде сезініп, терең бойлай алмаса, ол қасірет емес пе? Сондықтан, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай сақтауға, білуге тиіс. Болашағымызды баянды етер қаруымыз – тіліміз. Ана тілімізді құрметтей білейік. Ендігі жерде қазақ тілінің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау сіз бен біздің қолымызда.

Гүлшат САДУАҚАСОВА,
Қапал ауылдық модельді кітапханасының кітапханашысы.

Аудан Әкімдігінің Қаулысы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ РАЙОННОГО АКИМАТА

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Жер кодексінің» 26, 84, 85, 86, 87-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31,37-баптарына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 тарауына, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін, халықтың жайылым алқаптарға деген мұқтажын қанағаттандыру мақсатында 2024 жылғы 23 ақпаннан бастап меншік иелері мен жер пайдаланушылардан мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін иеліктен шығару басталсын.

2. Колдейбаев Ерболат Токановичтің шаруа қожалығының пайдалануына, Қапал ауылдық округінде орналасқан, алаңы 150,0 гектар жайылым жерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жүзеге асырылсын.

3. «Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

1) осы Қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын;

2) заңмен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне және мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға ескертсін және тең бағалы жер учаскелерін беруді немесе өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

3) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін босалқы жерлер құрамына өткізілсін;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару үшін аудан қаражатынан шығатын қосымша шығындар қарастырылсын.

5. Жер пайдаланушымен келісу тәртібін жүзеге асыру үшін, үндеу орны: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі №5, үшінші қабат, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің кабинеті болып бекітілсін.

6. Осы Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ғ.Есжановқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Б.ТЫНЫШБАЕВ

О принудительном отчуждении земельных участков для государственных нужд В соответствии со статьями 26, 84, 85,86,87 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьями 31, 37 «О местном государственном управлении и самоуправлении Республики Казахстан», главой 6 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», пункт статьи 15 Закона Республики Казахстан «О пастбищах», акимат района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать с 23 февраля 2024 года принудительное отчуждение собственников земельных участков и землепользователей для государственных нужд, для удовлетворения нужд населения в пастбищных угодьях для выпаса сельскохозяйственных животных личного подворья.

2. Осуществить в отношении земельного участка, находящегося во временном землепользовании Колдейбаева Ерболата Токановича, принудительному отчуждению для государственных нужд 150,0 га пастбищных угодий расположенный в Капальском сельском округе.

3. Государственному учреждению «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Аксуского района, области Жетісу»

1) в течение трех рабочих дней со дня принятия настоящего постановления опубликовать в местных средствах массовой информации;

2) в установленном законом порядке предупредить собственников и негосударственных землепользователей и обеспечить предоставление равных ценных земельных участков или выплаты компенсации;

3) после завершения мероприятий по принудительному отчуждению земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельных участков для государственных нужд передать земельные участки в состав земель запаса;

4) принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4. Дополнительно предусмотреть в бюджете района расходы, возникающие в связи с принудительным отчуждением земельных участков для государственных нужд.

5. Местом обращения землепользователей для осуществления согласительных процедур определить: Аксуский район, село Жансугурова улица Желтоқсан №5, кабинет Государственного учреждения «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Аксуского района».

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Аксуского района Есжанова Ғ.

Аким района

ТЫНЫШБАЕВ Б.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне қосуға құжаттарды қабылдау туралы

ВНИМАНИЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ!

Прием документов на включение индивидуальных предпринимателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства

Ұйымдастырушы:	«Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ
Орналасқан жері:	Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат.
Байланыс телефоны:	8 (7282) 32-93-92, 87472100700.
Өтінімдерді қабылдау нысанасы:	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №40 Бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу.
Өтінімдерді беру орны:	Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат, 108 кабинет.
Құжаттамаларды ұсыну мерзімі:	2024 жылдың «1» наурыздан бастап 2024 жылдың «15» наурызына дейін
Өтінім берудің басталу күні:	2024 жылдың «1» наурыз.
Өтінім берудің аяқталу күні:	2024 жылдың «15» наурыз.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз. Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

Конкурстық құжаттамамен Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=kk> сілтеме бойынша таныса аласыз.

Организатор:	ГУ «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу».
Местонахождение:	город Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 26, 1 этаж.
Контактный телефон:	8 (7282) 32-93-92, 87472100700.
Предмет приема заявок:	Включение индивидуальных предпринимателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства в соответствии с правилами ведения реестра субъектов социального предпринимательства, утвержденными приказом и. о. министра национальной экономики Республики Казахстан от 17 июля 2023 года №140.
Место подачи заявок для включения в реестр:	город Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 26, 1 этаж, кабинет 108.
Сроки подачи заявок:	с «1» марта 2024 года по «15» марта 2024 года.
Дата начала подачи заявок:	«1» марта 2024 г.
Дата окончания подачи заявок:	«15» марта 2024 г.

Отмечаем, что заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не подлежат. В случаях представления предпринимателем неполного пакета документов, либо представления недостоверных данных или документов, не соответствующих установленным условиям Правил формам, организатор возвращает предпринимателю представленные документы

С конкурсной документацией вы можете ознакомиться на сайте управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу по ссылке <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=ru>

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
 Құрылтайшы, директор -
 бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМУХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
 Ақсу ауданы,
 Жансүгіров ауылы,
 Желтоқсан көшесі, №5 "В",
 аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2501

☎ Директор - бас редактор
 - 2-12-90,
 жауапты хатшы
 - 2-12-90.

✉ Электрондық пошта:
 aksuoniri@mail.ru
 Газеттің ресми сайты
 aksuoniri.kz

Индекс: 65750
 Офсеттік басылым көлемі 26 т.